

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 3 қаңтардағы № 426 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 5 ақпандағы № 68 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 3 қаңтардағы № 426 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесіне қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті мыналарға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Атырау бекіре балық өсіру зауыты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Қамыстыбас балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Петропавл балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Балық шаруашылығының ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі мемлекеттік қатысу үлесін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитетіне берсін.

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігімен және Қазақстан

Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы "5" ақпандағы
№ 68 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне" деген бөлімде:

"Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитетіне" деген кіші бөлім алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы кіші бөліммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитетіне:

205-40. "Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі."

2. "Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенциядан туындайтын Қазақстан Республикасының міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 желтоқсандағы № 1994 қаулысында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда түрлері

туралы конвенция (бұдан әрі – Конвенция) бойынша өсімдіктер мен жануарлар дүниесі (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) бөлігінде Қазақстан Республикасындағы әкімшілік орган;

2) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Конвенция бойынша балық ресурстары және басқа да су жануарлары бөлігінде Қазақстан Республикасындағы әкімшілік орган болып тағайындалсын.";

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жануарлардың жер бетіндегі түрлері мен құстар мәселелері бойынша – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің "Зоология институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;".

3. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) агроөнеркәсіптік кешен;

2) суармалы егіншілік және агромелиорация;

3) жер ресурстары;

4) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сондай-ақ акваөсіру;

5) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген балықтар мен басқа да су жануарларының түрлерін сақтау және өсімін молайту бөлігінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар;

6) заңнамада көзделген шекте өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Міндеттері:

1) мемлекеттің аграрлық саясатын, реттелетін салаларда даму жоспарларын, ұлттық жобаларды қалыптастыру;

2) бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы тауарының өндірісін құру негіздерін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін және жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету;

3) агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық-консультациялық қамтамасыз ету;

4) реттелетін салаларда салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру;

5) өз құзыреті шегінде өзге мемлекеттік органдардың қызметіне әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

6) жер ресурстарын ұтымды және тиімді басқаруды қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

7) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сондай-ақ акваөсіру саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;

8) өз құзыреті шегінде Министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.";
15-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мынадай салаларда халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады:

өсімдіктер карантині;

өсімдіктерді қорғау;

селекция және тұқым шаруашылығы;

ветеринария;

балара шаруашылығы;

жайылымдарды пайдалану және қорғау;

балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сондай-ақ акваөсіру;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) мынадай салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады:

жайылымдарды басқару, суландыру, пайдалану және оларды жүзеге асыруды ұйымдастыру;

машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі;

агроөнеркәсіптік кешенді дамыту;

тұқым шаруашылығы;

балара шаруашылығы;

ветеринариялық-санитариялық бақылануға және қадағалануға тиісті тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі;

өсімдіктер карантині;

өсімдіктерді қорғау;

ветеринария;

асыл тұқымды мал шаруашылығы;

органикалық өнім өндірісі және оны жүзеге асыруды ұйымдастыру;

биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу және қолдау;

балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сондай-ақ акваөсіру;"

мынадай мазмұндағы 447-6) және 447-7) тармақшалармен толықтырылсын:

"447-6) өз құзыреті шегінде сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша квоталарды бөлу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

447-7) өз құзыреті шегінде жекелеген тауар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) импорттауға лицензия беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 508-33), 508-34), 508-35), 508-36), 508-37), 508-38), 508-39), 508-40), 508-41), 508-42), 508-43), 508-44), 508-45), 508-46), 508-47), 508-48), 508-49), 508-50), 508-51), 508-52), 508-53), 508-54), 508-55), 508-56), 508-57), 508-58), 508-59), 508-60), 508-61), 508-62), 508-63), 508-64), 508-65), 508-66), 508-67), 508-68), 508-69), 508-70), 508-71), 508-72), 508-73), 508-74), 508-75), 508-76), 508-77), 508-78), 508-79), 508-80), 508-81), 508-82), 508-83), 508-84), 508-85), 508-86), 508-87), 508-88), 508-89), 508-90), 508-91), 508-92), 508-93), 508-94), 508-95), 508-96), 508-97), 508-98), 508-99), 508-100), 508-101), 508-102), 508-103), 508-104), 508-105), 508-106), 508-107), 508-108), 508-109), 508-110), 508-111), 508-112), 508-113), 508-114), 508-115), 508-116), 508-117), 508-118), 508-119) және 508-120) тармақшалармен толықтырылсын:

"508-33) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексерулер жүргізудің жартыжылдық жиынтық кестесін қалыптастыруы үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға тексерулер жүргізудің бекітілген жарыжылдық кестелерін жібереді;

508-34) балықтар мен басқа да су жануарларының сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін әзірлейді;

508-35) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сондай-ақ акваөсіру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

508-36) балықтар мен басқа да су жануарларының санын реттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

508-37) Қазақстан Республикасының Үкіметіне балықтар мен басқа да су жануарларының сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын алып қою және оларды алып қою көлемін бекіту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

508-38) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында құрметті атақтар, төсбелгілер және құрмет грамоталарын беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

508-39) су айдындарына балық жіберу, су объектілерінің балық шаруашылығы мелиорациясы жөніндегі жұмыстарды жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

508-40) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу қағидаларын және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

508-41) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) олардың учаскелерін қайта бекітіп беру жөніндегі қағидаларды және олар бұрын бекітіп берілген тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

508-42) ихтиологиялық байқаулар қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

508-43) балық шаруашылығы су айдындарында балық өсіру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

508-44) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) олардың учаскелерін кәсіпшілік балық аулауды, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығын, тор қоршамада балық өсіру шаруашылығын жүргізуге арналған су айдындарына және (немесе) учаскелерге жатқызудың өлшемшарттарын әзірлейді және бекітеді;

508-45) сирек кездесетіндерден және құрып кету қаупі төнгендерден басқа балықтар мен басқа да су жануарларын эпизоотияны болғызбау мақсатында пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

508-46) балықтар мен басқа да су жануарлары мониторингінің қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

508-47) кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық шаруашылығын (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

508-48) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан жабайы тірі жануарларды (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын), оның ішінде сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін экспорттауға лицензия береді;

508-49) кәсіпшілік күш-жігер нормативтерін әзірлейді және бекітеді;

508-50) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйымдар инспекторларының арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолдану, сондай-ақ қорықшылардың қызметтік қаруды қолдану қағидаларын әзірлейді;

508-51) әкімшілік органның Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын балықтар мен басқа да су жануарлары түрлерінің Қазақстан Республикасының аумағына импортына, Қазақстан Республикасының аумағынан экспортына және (немесе) реэкспортына рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

508-52) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормалар мен нормативтерді әзірлейді және бекітеді;

508-53) әртүрлі технологияларды пайдалана отырып, акваөсірудің негізгі объектілерінің өсімін қолдан молайту, оларды тауарлы өсіру және тасымалдау жөніндегі балық өсіру нормативтерін әзірлейді және бекітеді;

508-54) қорықшы төсбелгісінің және балық шаруашылығы субъектілерінің айырым белгілері бар арнайы киімінің нысанын әзірлейді және бекітеді;

508-55) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғауды тікелей жүзеге асыратын, айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жұмыскерлерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

508-56) балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді;

508-57) жолдаманың үлгілік нысанын, сондай-ақ оны балық шаруашылықтары субъектілеріне беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

508-58) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 1-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген санаттарға жатқызылған балықтар мен басқа да су жануарлары түрлерінің тізбелерін айқындайды және сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санатқа жатқызуды қоспағанда, оларды бір санаттан басқа санатқа ауыстырады;

508-59) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

508-60) балық ресурстары және басқа да су жануарлары дериваттарының тізбесін әзірлейді және бекітеді;

508-61) балықшылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді, оларды аккредиттеуді жүргізеді;

508-62) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алып қою лимиттерін әзірлейді және бекітеді;

508-63) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алып қою квоталарын бөлу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

508-64) халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін әзірлейді және бекітеді;

508-65) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) олардың учаскелерін кәсіпшілік балық аулауды, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, көлде тауарлы

балық өсіру шаруашылығын, тор қоршамада балық өсіру шаруашылығын жүргізу үшін су айдындарына және (немесе) учаскелеріне жатқызудың өлшемшарттарын айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

508-66) мемлекеттік монополия субъектісінің бекіре тұқымдас балық түрлері өнімін қайта өңдеуі кезіндегі шикізат қалдықтарының, ысыраптары мен шығыстарының нормаларын әзірлейді және бекітеді;

508-67) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерін, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарды және мамандандырылған ұйымдарды материалдық-техникалық құралдармен жарақтандыру нормаларын әзірлейді және бекітеді;

508-68) балық аулау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

508-69) балық шаруашылығын жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

508-70) Қазақстан Республикасының балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзудан келтірілген зиянның орнын толтыру мөлшерін әзірлейді және бекітеді;

508-71) табиғи мекендеу ортасынан алынған бекіре тұқымдас балықтарды және олардың уылдырығын мемлекеттік монополия субъектісі болып табылатын мемлекеттік кәсіпорынның өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

508-72) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

508-73) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын мемлекеттік қорғау туралы ережені әзірлейді және бекітеді;

508-74) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуды белгілеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

508-75) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

508-76) балық аулау объектілері болып табылатын балықтар мен басқа да су жануарлары түрлерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

508-77) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның қолданылу аясына кіретін балықтар мен басқа да су жануарларының сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда ұстау, өсіру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

508-78) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындаудың тәртібін әзірлейді және бекітеді;

508-79) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор актілерінің нысандарын, оларды жасау мен берудің тәртібін әзірлейді және бекітеді;

508-80) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жұмыскерлерінің айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілерін, оны киіп жүру тәртібін және онымен қамтамасыз ету нормаларын әзірлейді және бекітеді;

508-81) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін және Қазақстан Республикасының балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзудан келтірілген зиянның орнын толтыру мөлшерлерін айқындау, сондай-ақ шаруашылық қызметі нәтижесінде балық ресурстарына және басқа да су жануарларына келтірілетін және келтірілген зиянды, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеу мөлшерін есептеу әдістемелерін әзірлейді және бекітеді;

508-82) балықшы және қорықшы куәліктерінің нысанын және оларды беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

508-83) балық шаруашылықтарын жүргізуге арналған шарттардың үлгілік нысандарын әзірлейді және бекітеді;

508-84) балық шаруашылықтары субъектілерін дамыту жоспарының үлгілік нысанын әзірлейді және бекітеді;

508-85) су тарту және ағызу құрылыстарының балықтарды қорғау құрылғыларына қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді, оларды орнатуды келіседі;

508-86) ғылыми ұйымның ұсынымдары негізінде балық шаруашылығы су айдындарына балық жіберу жоспарын әзірлейді және бекітеді;

508-87) уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынған, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерде су көлігі қозғалысының тәртібін әзірлейді және бекітеді;

508-88) ішкі және сыртқы нарықтардағы сауда үшін бекіре тұқымдас балық түрлерінің уылдырығын таңбалау тәртібін, сыртқы нарықта бекіре тұқымдас балық түрлерінің уылдырығымен сауда жасауға арналған таңба нысанын әзірлеп, бекітеді және ішкі нарықта саудалауға таңба беруді жүзеге асырады;

508-89) балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекаралары аншлактарының үлгілерін, сондай-ақ балық аулау үшін тыйым салынған мерзімдер мен орындарды, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын әзірлейді және бекітеді;

508-90) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына түрлері енгізілген балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қолдан өсіру жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаларды қабылдауды жүзеге асырады;

508-91) балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысанын әзірлейді және бекітеді;

508-92) мемлекеттік монополия субъектілері өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасын монополияға қарсы органмен келісу бойынша белгілейді;

508-93) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 141-бабының 2 және 3-тармақтарында, 143-бабының 1-тармағында көзделген нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ тексерулер жүргізудің жартыжылдық графиктерін әзірлейді;

508-94) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;

508-95) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын балықтар мен басқа да су жануарларын түрлерінің Қазақстан Республикасының аумағына импортына, Қазақстан Республикасының аумағынан экспортына және (немесе) реэкспортына рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

508-96) интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру мақсатында аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды, балықтың қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерінде аулауды жүзеге асырады және (немесе) ұйымдастырады, сондай-ақ бақылау үшін аулауды жүзеге асырады;

508-97) балықтар мен басқа да су жануарларын интродукциялауды, реинтродукциялауды, будандастыруды жүргізуге рұқсаттар береді;

508-98) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулер мен жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады және (немесе) қамтамасыз етеді;

508-99) балықтар мен басқа да су жануарларын мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізуді ұйымдастырады;

508-100) балықтардың қырылуына сөзсіз әкеп соғатын қырылу қаупі туындаған және су объектілеріне немесе олардың бөліктеріне ағымдағы балық шаруашылық мелиорациялауды жүргізу жолымен мұндай қатердің бетін қайтару мүмкін болмаған жағдайларда ғылыми ұсынымдар негізінде балықтарды мелиорациялық аулау туралы шешім қабылдайды;

508-101) су тарту және ағызу құрылыстарын балықтарды қорғау құрылғыларының бар-жоғына және олардың белгіленген талаптарға сәйкестігіне қарап-тексеруді жүзеге асырады;

508-102) балықтар мен басқа да су жануарларын интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүзеге асыру тәртібінің сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

508-103) Қазақстан Республикасының балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын айқындау мақсатында жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметін тексереді;

508-104) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

508-105) балық шаруашылығын жүргізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

508-106) балық аулау қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

508-107) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормалар мен нормативтердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

508-108) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

508-109) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалану үшін белгіленген шектеулер мен тыйым салудың сақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

508-110) биологиялық негіздеменің негізінде бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде балық шаруашылығы мелиорациясын, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректерін жыл сайын түзетуді келіседі;

508-111) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 17-бабының 1 және 2-тармақтарында балық ресурстары және басқа да су жануарлары бөлігінде көрсетілген шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын субъектілер әзірлейтін техникалық-экономикалық негіздемені және жобалау-сметалық құжаттаманы келіседі;

508-112) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан жабайы тірі балықтар мен басқа да су жануарларын, оның ішінде сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін әкетуге қорытынды (рұқсат беру құжатын) береді;

508-113) балық шаруашылығы су айдындарының резервтік қорындағы және (немесе) учаскелердегі балықтар мен басқа да су жануарларының өсімін молайтуды және оларды мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

508-114) балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балық аулауға тыйым салынған кезеңде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған жерлерде қозғалтқыштары қосылған су көлігінің барлық түрлерінің жүруін келіседі;

508-115) балық ресурстарын және басқа да су жануарлары объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуды енгізу туралы шешім қабылдайды, тиісті ғылыми ұйымдар берген, мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілуге тиіс биологиялық негіздеме негізінде оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілейді;

508-116) халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар су айдындарының балық шаруашылығы учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізеді;

508-117) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы жергілікті атқарушы органдарды мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

508-118) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымдардың ұсынымы бойынша тыйым салудың жалпы ұзақтығын өзгертпестен, жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға тыйым салу мерзімін табиғи-климаттық жағдайларға байланысты қайсыбір жағына күнтізбелік он бес күнге ауыстыру туралы шешім қабылдайды;

508-119) балық аулау аймағында және ортақ су кеңістігінде су биологиялық ресурстарын аулау мақсатында балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға рұқсат береді;

508-120) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органға республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөнінде ұсыныстар енгізеді;"

Министрліктің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі: мынадай мазмұндағы 4-2, 4-3 және 4-4-тармақтармен толықтырылсын:

"4-2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Петропавл балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

4-3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Қамыстыбас балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

4-4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Атырау бекіре балық өсіру зауыты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.";

мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. "Балық шаруашылығының ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.";

Министрліктің және оның ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінің қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесі мынадай мазмұндағы 465, 466, 467, 468, 469, 470, 471 және 472-тармақтарымен толықтырылсын:

"465. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

466. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Балқаш-Алакөл облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

467. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Зайсан-Ертіс облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

468. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Есіл облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

469. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

470. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Нұра-Сарысу облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

471. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Тобыл-Торғай облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

472. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Шу-Талас облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі".

4. "Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

қызмет бабында пайдалану үшін.

5. "Экспорты және (немесе) импорты халықаралық шарттарға сәйкес рұқсат беру құжаттары және мемлекеттік органдар беретін рұқсат беру құжаттары негізінде жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 287 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген экспорты және (немесе) импорты халықаралық шарттарға сәйкес рұқсат беру құжаттары мен мемлекеттік органдар беретін рұқсат беру құжаттары негізінде жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесінде:

реттік нөмірлері 5, 6 және 7-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

5.	1) Жабайы тірі жануарлар (балықтар мен басқа да су жануарларын қоспағанда), жекелеген жабайы өсетін өсімдіктер және жабайы өсетін дәрілік шикізат	лицензия/қорытынды	-	ЭТРМ
	2) Жабайы тірі жануарлар (балықтар мен басқа да су жануарлары)	лицензия/қорытынды	-	АШМ
	3) Ғылыми зерттеулерге арналған жабайы тірі жануарлардың (балықтар мен басқа да су жануарларын қоспағанда) және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктердің үлгілері	қорытынды	-	ЭТРМ
	4) Ғылыми зерттеулерге арналған жабайы тірі жануарлардың (балықтар мен басқа да су жануарларының) үлгілері	қорытынды	-	АШМ
6.	1) 1973 жылғы 3 наурыздағы Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның (СИТЕС) қолданылу аясына кіретін жабайы фауна (балықтар мен басқа да су жануарларын қоспағанда) мен флора түрлері	рұқсат	-	ЭТРМ

	2) 1973 жылғы 3 наурыздағы Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның (СИТЕС) күші қолданылатын жабайы фауна түрлері (балықтар мен басқа да су жануарлары)	рұқсат	-	АШМ
7.	1) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қызыл кітаптарына енгізілген жабайы тірі жануарлар (балықтар мен басқа да су жануарларын қоспағанда) мен жабайы өсетін өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері	лицензия/ қорытынды	-	ЭТРМ
	2) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қызыл кітаптарына енгізілген жабайы жануарлардың (балықтар мен басқа да су жануарларының) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері	лицензия/ қорытынды	-	АШМ

”.

6. "Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) қоршаған ортаны қорғау, метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг, "жасыл экономиканы" дамыту, қалдықтармен жұмыс істеу (медициналық, биологиялық және радиоактивті қалдықтарды қоспағанда), табиғи ресурстарды қорғау, олардың ұтымды пайдаланылуын бақылау және қадағалау, орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану, қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту салаларында (бұдан әрі – реттелетін салалар) мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, басқару процестерін үйлестіру салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.";

2-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

13-тармақтың 10), 11), 12), 13) және 14) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"10) орманды, жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша басшылық жасау және салааралық үйлестіру;

11) орманды, жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласындағы заңнаманы жетілдіру;

12) орманды, жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру;

13) орманды, жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

14) орманды, жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды қамтамасыз ету;"

15-тармақта:

140) және 140-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"140) жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы, сондай-ақ қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады және салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

140-1) жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы, сондай-ақ қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;"

163) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"163) жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында құрметті атақтар, төсбелгілер және құрмет грамоталарын беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

165) тармақша алып тасталсын;

168) және 169) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"168) аңшылық алқаптарын бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу қағидаларын және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

169) аңшылық алқаптарды қайта бекітіп беру жөніндегі қағидаларды және олар бұрын бекітіп берілген тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;"

170), 171) және 172) тармақшалар алып тасталсын;

173) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"173) сирек кездесетіндерден және құрып кету қаупі төнгендерден басқа жануарларды (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) эпизоотияны болғызбау мақсатында пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

174) және 175) тармақшалар алып тасталсын;

176) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"176) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан жабайы тірі жануарларды (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда), оның ішінде сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін экспорттауға лицензия береді;"

177) тармақша алып тасталсын;

178) және 179) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"178) жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың және жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйымдар инспекторларының арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолдану, сондай-ақ қорықшылардың қызметтік қаруды қолдану қағидаларын әзірлейді;

179) әкімшілік органның Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

214) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"214) жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормалар мен нормативтерді әзірлейді және бекітеді;"

216), 217), 218), 219), 220), 221), 222), 223), 224) және 225) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"216) қорықшы төсбелгісінің және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің айырым белгілері бар арнайы киімінің нысанын әзірлейді және бекітеді;

217) айырым белгілері бар нысанды киімді (погонсыз) киюге құқығы бар, жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жұмыскерлерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

218) аңшылық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді;

219) жолдаманың үлгілік нысанын, сондай-ақ оны аңшылық шаруашылығы субъектілеріне беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

220) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санаттарға жатқызуды қоспағанда, "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 1-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген санаттарға жатқызылған жануарлар түрлерінің (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) тізбелерін айқындайды және оларды бір санаттан басқа санатқа ауыстырады;

221) жануарларды (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

222) дериваттар (балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда) тізбесін әзірлейді және бекітеді;

223) аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді, оларды аккредиттеуді жүргізеді;

